

Жақсыбайкөл негізгі мектебінің 2024-2025 оку жылындағы

4 сыныптың тәрбие жұмысының жылдық талдауы.

2024-2025 оку жылында 4 сыныпқа 3 окушы қабылданды. Оның 3-үші ұл бала. Жылдық корытынды сапалық көрсеткіші – 33,3 % құрайды.

Озат окушы: Орынғали Мадияр

Бекітілген жоспар бойынша Білім күніне арналған «Менің Отаным -Қазақстан »тақырыбында алғашқы сабак өткізіліп, окушыларға Қазақстан Республикасы туралы білім беру. Тіл байлығын молайту, өз ойын жеткізу, қазақ тілінде еркін сөйлей білу әрекеттерін дамыту. Өмір бойы білім алу, еңбек және шығармашылық, патриоттық және азаматтық, құрметжәне ынтымақтастық, таныстыру, кезекші сынныпта оку форматтары туралы мәлімет берілді. Отбасы күніне орай «Ұлағатты отбасы-ұлт құндылығы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру. Баланы үлкендерді құрметтеуге, мейірімділікке тәрбиелеу, ата-ана мен бала жауапкершілігін арттыру. «Көше тәртібі – өмір сүру тәртібі» шарасы аясында «Жүргіншілер қауіпсіздігі» сабағы өткізіліп, окушылардың қауіпсіздік ережелерін сактай білу туралы білгендерін одан әрі толықтыру. Қазан айында «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар »атты әңгіме сағаты, «Мақал- сөздің мәйегі, мәтел -сөздің дәйегі!» интеллектуалды ойын өткізіліп, окушылар белсене қатынасып, марапаттарға ие болды.

«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі және мектеппен байланысы» ата-аналар жиналысы тақырыбында алғашқы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында шағын баяндама оқылыш, жаңа оку жылына ата-аналардың жаңа құрамы сайланды. Ағымдағы мәселелер (окулықтың берілуі, мектеп формасының сақталуы, оку құралдарының жеткіліктілігі) таныстырылды. «Білім алушының тәртіп ережесі» мен «Білім беру ұйымдарына алып кіруге болмайтын заттар» тізбесін» қайта таныстыру. тақырыбында тоқсандық қорытынды және каникул кезіндегі қауіпсіздің шаралары туралы айтылды. Тәрбие саласы бойынша бекітілген жоспар бойынша іш-шаралар, сыннып сағаттары, ертеңгіліктер өткізілді.

Қарарада Ұлттық валюта күні «Ұлттық валюта теңге» тақырыбында тәрбие сағаты өткізіліп, төл теңгеміздің шығу тарихы туралы айтылды. Күнбек-күн окушылардың сабакқа қатысымы тексеріліп отырды және денсаулығына байланысты ұзак мерзімде сабакқа қатыса алмаған окушылардың ата-анасы арқылы байланыс жасалып, тапсырмалар беріліп отырды.

Желтоқсан айында да жоспар бойынша барлық сыннып сағаттары өткізілді. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай бастауыш сынныптар арасында өткізілген

«Тәуелсіздік тұғыры биікті! » тәрбие сағатына сынып оқушылары ұйымшылдықпен қатынасты.

Негізгі бағдарламалар жоспарын (өрт,жол,өмір қауіпсіздіктері) басшылыққа ала отырып,тақырыптармен байланыстырыла сабактар өткізілді. Жолда жүру қауіпсіздігіне байланысты : «Теміржол өтпелері »тақырыбында сабак өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды жолда жүру ережесін есте сақтауға үйрету,жол қауіпсіздігін,өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу.

Каникул кезіндегі қауіпсіздік шаралары негізінде өрт қауіпсіздігі(пиротехникалық заттар,жанғыш заттар),қысқы ауа-райынан сақтану,өмір қауіпсіздігі туралы оқушыларға айтылып,ата-аналарда хабардар болды және каникул кезіндегі оқушының қауіпсіздігін өз жауапкершіліктеріне алатындықтары туралы хабарлама берді. Тоқсандық қорытынды және оқушыларымыздың каникул кезіндегі қауіпсіздігі туралы

Қаңтар айында «Қауіпсіз интернет» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты:Оқушыларға қазіргі қоғамда әлеуметтік желінің пайдалы және зиянды жақтарын айта отырып,пайдалануда тиімді жақтары туралы түсінік беру. «Қоғамдық орындардағы тәртіп ережелері» тақырыбында тәрбие сабағында мектептің ішкі-сыртқы ережелерімен таныстыру және қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау қағидаларын үйрету.

Наурыз айында «Ана өмірдегі ұлы есім» мерекелік құттықтаулар, ертеңгілік өткізілді. «Наурыз- құт береке бастау!» атты мектепішілік мерекеге сынып оқушылары түгел қатынасып,ата-аналардың қолдауымен ұлттық тағамдар әкелініп,наурыз көже ішілді және жасалу жолдары айтылды,түрлі ұлттық ойындар ойнатылды. Сәуір айында «Ғылым әлемінде», «Мәдениет- ұлт өмірінің айнасы» атты сынып сағаттары өткізілді. Сонымен бірге ата- аналарға арналған «Атадан -өсінет, анадан қасиет» шеберлік сағаттары өтті.

1 мамыр бірлік күніне «Біз әртүрліміз, бір теңбіз» атты іс- шара, Женіс күніне орай «Ерлер жердің қорғаны, елдің тұтқасы» атты тәрбие сағаты болып өтті.

Жыл сонында барлық өткізген тәрбие сағаттары қорытындыланып, оқушылар марапатталды.

Сынып жетекші: Ажмухамбетова Тамара